

Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізудің Қағидасы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 24 қарашадағы N А-202 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 30 қарашада тіркелді. Тіркеу N 986. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 19.03.2013 № 06-7/32 бұйрығымен (алғашқы ресми жариялау күнінен бастап, бірақ 2013 жылдың 26 наурызынан ерте емес қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 23 тамыздағы N 72 өкімін орындау үшін Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізудің ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 16 сәуірде N 732 тіркелген, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарындағы мемлекеттік қызметтің бос лауазымын алуға байқау өткізу туралы 1999 жылғы 15 сәуірдегі N А-33 қағидасы бұйрығының күші жойылды

д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы бұйрық 2000 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет
істері жөніндегі агенттігі
1999 жылғы 24 қарашада
N А-202 бұйрығымен бекітілген

Ескерту: Қағидада бүкіл мәтін бойынша "мемлекеттік органның басшысы", " мемлекеттік орган басшысының" деген сөздерден кейін тиісінше ", ал жауапты хатшы лауазымы енгізілген мемлекеттік органдарда, жауапты хатшы", ", ал жауапты хатшы лауазымы енгізілген мемлекеттік органдарда, жауапты

хатшының" деген сөздермен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2007.09.03. N 02-01-02/113 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізудің Қағидасы

Осы Қағида мемлекеттік органдардағы әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізудің (бұдан әрі - конкурс) шарттары мен тәртібін айқындайды, және "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметке бірдей кіру мүмкіндігінің конституциялық құқығын қамтамасыз етеді.

2. Конкурсты бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдары бар мемлекеттік орган (бұдан әрі - мемлекеттік орган), немесе Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша мемлекеттік қызмет істері жөніндегі өкілетті орган (бұдан әрі - өкілетті орган) лауазымдардың сәйкесті санаттарына резервшілер тізімі қаралғаннан кейін өткізеді.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2001 жылғы 6 маусымдағы N 02-2-4/98 бұйрығымен .

3. Конкурс жариялаған мемлекеттік орган әкімшілік мемлекеттік қызметтің бос лауазымдарына орналасуға үміткерлерді іріктеуді жүзеге асыруға өкілетті конкурс комиссиясын құрады.

4. Конкурс өткізілген кезде "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және өзге де мемлекеттік қызмет туралы заңдардың талаптары сақталуы тиіс

4-1. Өкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің жолдауы бойынша олардың қызметкерлері үміткерлермен әңгімелесуге және конкурс комиссиясының қорытынды мәжілісіне қатыса алады.

Ескерту: 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 02-01-02/64 бұйрығымен .

5. Конкурс комиссиясының шешімі әкімшілік мемлекеттік қызметтің бос лауазымына орналасудың немесе мұндай лауазымға орналастырудан бас тартуға негіздеме болады.

5-1. Мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда, жарияланған конкурс оның өткізудің кез келген кезеңінде ол туралы міндетті түрде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланып тоқтатылуға тиіс.

Ескерту: 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 02-01-02/44 бұйрығымен .

2. Конкурс өткізудің шарттары мен тәртібі

6. Конкурса Қазақстан Республикасының азаматтары қатысуға құқылы:

1) жасы он сегізден төмен емес;
2) тиісті білімі, кәсіби дайындық деңгейі болуы және белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес.

7. Конкурса қатысуға мынадай азаматтар жіберілмейді:

- 1) осы Қағиданың 6-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес емес;
- 2) заңдылық күші бар сот шешімімен жұмыс істеу қабілеті төмен немесе жұмыс істеу қабілеті шектелген болып танылғандар;
- 3) заңдылық күші бар сот шешімімен белгілі бір анықталған мерзімге дейін мемлекеттік қызметті атқару құқығынан айырылғандар;
 - 3-1) мемлекеттік қызметке кірер алдында екі жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған;
 - 3-2) мемлекеттік қызметке кірер алдында бір жыл ішінде қасақана құқық бұзушылығы үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;
 - 3-3) мемлекеттік қызметке кіргенге дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;
 - 3-4) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;
 - 3-5) мемлекеттік қызметке кіру уақытына өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы бар адамдар.
- 4) алынып тасталды .

Ескерту: 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 02-01-02/64 бұйрығымен .

8-11. Тармақтар алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 02-01-02/44 бұйрығымен .

12. Конкурс туралы хабарландырулар жарияланғаннан кейін мемлекеттік органға қажетті құжаттарын тапсырған азаматтар конкурса қатысушы бола алады.

13. Конкурс комиссиясының шешімі негізінде тестілеуге жіберілген конкурсқа қатысушылар бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлер (бұдан әрі - үміткерлер) бола алады.

14. Конкурс комиссиясы конкурсқа қатысушылар берген құжаттарды, оларды тестілеудің нәтижелерін қарайтын, үміткерлермен әңгімелесу өткізетін және бос әкімшілік мемлекеттік қызметтің лауазымдарына орналасуға үміткерлерді түпкілікті іріктеуді іске асыратын алқалы орган болып табылады.

15. Конкурс мынадай сатылардан тұрады:

- 1) мемлекеттік орган өткізетін конкурс туралы хабарландыруларды жариялау;
- 2) конкурс комиссиясын құру;
- 3) конкурсқа қатысуға тілек білдірген азаматтардың құжаттарын қ а б ы л д а у ;
- 4) конкурсқа қатысушылардың құжаттарының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін а л д ы н - а л а қ а р а у ;
- 5) үміткерлерді өкілетті орган белгілеген тәртіпте тестілеу;
- 6) үміткерлермен конкурс комиссиясы өткізетін әңгімелесу;
- 7) конкурс комиссиясының қорытынды мәжілісі.

16. Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (тестілеу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

3. Конкурс туралы хабарландыру

Ескерту: 17, 18, 19 тармақтар жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 18 қаңтардағы N 02-1-7/3 бұйрығымен .

17. Орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінде және ведомстволарда конкурс өткізу кезінде хабарландырулар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланады. Жергілікті мемлекеттік органдарда конкурс өткізу туралы хабарландырулар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағына таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланады.

Ескерту: 17-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 02-01-02/44 бұйрығымен .

17-1. Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс туралы хабарландырулар жариялағаннан кейін "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 2, 3-тармақтары мен 14-бабының 10-тармағы бойынша конкурстық рәсімдері аяқталғанша, азаматтарды жарияланған

лауазымға тағайындауға жол берілмейді.

Ескерту: 17-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 02-01-02/64 бұйрығымен .

18. Конкурсты өткізу туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер болуы тиіс :

1) мекен-жайы көрсетілген мемлекеттік органның атауы, пошта адресі, телефондары мен факс нөмірлері;

2) алынып тасталды ;

3) негізгі функциональдық міндеттері, қолданыстағы заңдарға сәйкес еңбек ақысының көлемі мен шарттары көрсетілген бос лауазымдар атауы;

4) мемлекеттік орган анықтаған біліктілік талаптарына сәйкес конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар;

5) құжаттарды қабылдаудың мерзімі (конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған кезден бастап 15 күнтізбелік күн);

6) алынып тасталды ;

7) өкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшелерімен келісілген сынақ өткізудің мерзімі мен орны;

8) әңгімелесу өткізудің мерзімі мен орны;

9) алынып тасталды ;

Хабарландыру Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына қайшы келмейтін қосымша ақпараттармен мазмұндала алады.

Ескерту: 18-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 25 ақпандағы N 02-1-7/16 бұйрығымен , 2000 жылғы 16 маусымдағы N 02-1-7/60 бұйрығымен , 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 02-01-02/44 бұйрығымен , 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 02-01-02/64 бұйрығымен .

19. Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурстар туралы мәліметтер уәкілетті органның ресми WEB-сайтында орналастырылады.

Ескерту: 19-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 02-01-02/44 бұйрығымен .

4. Конкурс комиссиясын құру

20. Конкурс комиссиясын осы Қағидамен анықталған тәртіппен тиісті лауазымға тағайындауға құқығы бар тиісті мемлекеттік органның басшысы, ал жауапты хатшы лауазымы енгізілген мемлекеттік органдарда, жауапты хатшы құрады.

21. Конкурс комиссиясы төрағадан, хатшыдан (кадр қызметінің өкілі) және комиссия мүшелерінен тұрады.

22. Тиісті мемлекеттік органның басшысы, ал жауапты хатшы лауазымы енгізілген мемлекеттік органдарда, жауапты хатшы бекітетін конкурс комиссиясының құрамына мемлекеттік органның әр түрлі бөлімшелерінің басшылары, сондай-ақ мемлекеттік орган басшысының, ал жауапты хатшы лауазымы енгізілген мемлекеттік органдарда, жауапты хатшының шешімімен өзге де адамдар енгізіледі.

Ескерту: 22-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2005 жылғы 21 маусымдағы N 02-01-02/80 бұйрығымен (бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

23. Мемлекеттік орган құрған және орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшенің басшысына конкурстық іріктеуді жүзеге асыратын конкурс комиссиясының құрамына орталық мемлекеттік органның өкілдері, және тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімшілігінің өкілі, келісімі бойынша кіреді.

Ескерту: 23-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 02-01-02/44 бұйрығымен .

23-1. Конкурстық комиссияның құрамына тиісті бос лауазымға орналасу конкурсына қатысушы кіре алмайды.

Ескерту: 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 02-01-02/44 бұйрығымен .

23-2. Конкурс комиссиясы әр жарияланған бос мемлекеттік әкімшілік лауазым үшін сол лауазымға талаптанған үміткерлерге міндетті тәртіпте және бірдей көлемде қойылатын сұрақтардың тізбесін бекітеді.

Ескерту: 23-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2005 жылғы 21 маусымдағы N 02-01-02/80 бұйрығымен (бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Құжаттарды қабылдау

24. Конкурсқа қатысқысы келетін азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға мынадай құжаттарын тапсырады:

- 1) өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш (N 1 қосымша);
- 2) кадр есебі бойынша толтырылған іс парағы (нақты мекен-жайы мен телефондары, соның ішінде байланыс, көрсетілуі тиіс);
- 3) өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған анкета (N 2 қосымша);
- 4) білімі туралы құжаттардың нотариалдық немесе өзге де заңдарда белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірмелері;
- 5) еңбек кітапшасының нотариалдық немесе өзге де заңдарда белгіленген

тәртіппен куәландырылған көшірмесі;

6) денсаулығы туралы белгіленген нысандағы анықтама;

7) 3x4 үлгідегі 1 фотосурет;

8) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі.

Аталған құжаттардың біреуінің болмауы конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Ескертпе : осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында аталған, мемлекеттік қызметшілер тапсыратын құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың кадр қызметі куәландыра алады.

Ескерту: 24-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 25 ақпандағы N 02-1-7/16 бұйрығымен , 2000 жылғы 3 қарашадағы N 02-1-7/154 бұйрығымен , 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 02-01-02/64 бұйрығымен .

25. Азаматтар біліміне еңбек тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және мінездемелері туралы (біліктілігін көтеру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, кепілдемелер, ғылыми жарияланымдар және т.б.) қосымша ақпараттарды бере алады.

26. Конкурс комиссиясының қарауына құжаттарды қабылдау мерзімінде азаматтардың өздері әкеліп берген немесе поштамен жіберген (қоса тіркелген құжаттардың тізбесі көрсетілген құжат тігілетін папкада орналастырылған) құ ж а т т а р ы қ а б ы л д а н а д ы .

Ескерту: 26-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 02-01-02/64 бұйрығымен .

27. Конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған конкурсқа қатысушылардың құжаттары, конкурстық іріктеуден өтпеген тұлғалардың кадр есебі жөніндегі жеке іс парақтары мен өтініштері және конкурстық комиссияның материалдары конкурстық комиссияның хатшысында сақталады (кадр қ ы з м е т і н д е) .

Ескерту: 27 тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 3 қарашадағы N 02-1-7/154 бұйрығымен .

6. Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қарау

28. Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қарауды жүзеге асырады.

29. Конкурс комиссиясы ұсынылған құжаттардың біліктілік талаптарына және 24-тармаққа сәйкес конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкестігін талдайды.

30. Конкурстық комиссия ұсынылған құжаттарды талдау негізінде олардың тиісті әкімшілік мемлекеттік лауазымға қойылған біліктілік талаптарына сәйкестігі мен конкурсқа қатысушыларды сынаққа жіберу туралы шешім қабылдайды, ол хаттама түрінде ресімделіп және комиссияның төрағасы, мүшелері мен хатшысы қол қояды. Тестілеуге жіберілмеген конкурсқа қатысушыларды шешім қабылданғаннан кейін конкурс комиссиясы х а б а р л а н д ы р а д ы .

Ескерту: 30 тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 3 қарашадағы N 02-1-7/154 бұйрығымен .

31. Тестілеуге жіберу туралы шешім әр өткізілген конкурс бойынша конкурс комиссиясы бекіткен үміткерлердің тізімі түрінде ресімделеді және өкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне беріледі.

32. Конкурс комиссиясы, хабарландырудың жарияланған сатысында, өкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшелерінің келісімі бойынша, тестілеу өткізудің кестесін жасайды. Кестеге сәйкес конкурс комиссиясы үміткерлерге тестілеу өткізудің уақыты мен орны туралы хабарландырады.

33. Үміткерлерге өкілетті органның өздерінің мекен-жайына жақын бөлімшелерінде тестілеуден өту құқығы беріледі. Өкілетті органның өздерінің мекен-жайына жақын бөлімшелерінде тестілеуден өткісі келетін үміткерлер бұл туралы конкурс комиссиясына хабарлайды. Осының негізінде конкурс комиссиясы белгілі үміткердің тестілеуден өтетін орны туралы өкілетті орган мен оның тиісті бөлімшесіне хабарлайды.

Ескерту: 33-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 02-01-02/64 бұйрығымен .

7. Үміткерлерді тестілеу

34. Тестілеудің мақсаты үміткердің білімі мен қабілетін әділ бағалау болып т а б ы л а д ы .

35. Тестілеудің тәртібін өкілетті орган анықтайды.

35-1. Тестілеуге қатысуға жіберілген үміткерлер оны құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейінгі бес жұмыс күнінің ішінде уәкілетті орган белгілеген т ә р т і п п е н ө т е д і .

Ескерту: 35-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 02-01-02/44 бұйрығымен .

36. Әкімшілік мемлекеттік лауазымдардың санаттарына байланысты өкілетті орган тестілеудің әр түрлі бағдарламаларын белгілеуі мүмкін. Құжаттарын әкімшілік мемлекеттік лауазымдардың әр түрлі санаттарына жататын екі немесе

одан да көп бос лауазымдарға орналасуға берген және тестілеуге жіберілген үміткерлер тиісті бағдарламалар бойынша тестіленеді.

36-1. Үміткердің белгілі бір күрделілік бағдарламасы бойынша (нормативтік құқықтық актілердің саны мен шекаралық мәнінің деңгейі бойынша) тестілеудің оң нәтижелері соңғы тестілеу бағдарламалары бірдей немесе күрделілік деңгейі төмен болған жағдайда басқа санатты бос лауазымдарға орналасу конкурсына қатысуға жарамды болып табылады.

Ескерту: 36-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 02-01-02/44 бұйрығымен .

37. Үміткердің лауазымның белгілі бір санаты үшін белгіленген тестілеу бойынша тестілеуінің нәтижесі, егер тестілеудің бағдарламасы өзгертілмеген жағдайда, тестілеуден өткен сәтінен бастап 1 жыл бойы күшінде болады.

38. Үміткердің алдыңғы тестілеуден соң үш айдан кем емес мерзімнен кейін бір бағдарлама бойынша қайтадан тестілеуден өтуге құқығы болады. <*>

Ескерту: 38-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 16 маусымдағы N 02-1-7/60 бұйрығымен ; ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 3 қарашадағы N 02-1-7/154 бұйрығымен .

39. Өкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері тестілеудің нәтижелерін тестілеуден өткен үміткерлерге және тиісті мемлекеттік органның конкурс комиссиясына береді .

Ескерту: 39-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 02-01-02/44 бұйрығымен .

40. Тестілеуден өткізу кезінде лауазымның осы санаты үшін өкілетті орган белгілеген түпкілікті мәннен төмен емес бағалар алған үміткерлер әңгімелесуге жіберіледі. Тестілеу нәтижелері негізгі мәннен төмен болған үміткерлер әңгімелесуге жіберілмейді. Бұған қоса, әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы өткізетін әңгімелесуден өту үшін шақырылады.

Ескерту: 40-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 02-01-02/44 бұйрығымен .

8. Үміткерлермен әңгімелесу

41. Әңгімелесудің мақсаты үміткерлердің кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.

41-1. Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер оны тестілеуден өткеннен кейінгі бес жұмыс күнінің ішінде конкурс жариялаған мемлекеттік органдарда өтеді.

Ескерту: 41-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 02-01-02/44 бұйрығымен , 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 02-01-02/64 бұйрығымен .

42. Үміткердің кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау кезінде конкурс комиссиясы біліктілік талаптарына және тиісті әкімшілік мемлекеттік қызметтің лауазымдық нұсқауларға сүйенеді.

42-1. Әрбір үміткермен әңгімелесу барысы жеке түрдегі хаттамамен ресімделеді немесе техникалық жазба құралдары көмегімен белгіленеді.

Үміткермен әңгімелесу хаттамасына конкурс комиссиясының төрағасы, мүшелері, үміткер, сондай-ақ хаттамалауды жүзеге асырушы хатшы қолдарын қ о я д ы .

Конкурс комиссиясының техникалық жазба құралдарын қолданылғаны туралы конкурс комиссиясының қорытынды отырыс хаттамасында белгі жасалады. Жазба тасығыштар конкурс комиссиясының хатшысында сақталады.

Әңгімелесу кезінде үміткер де техникалық жазба құралдарын қолдана алады. Техникалық жазба құралдарын қолдану конкурс комиссиясы отырысының қалыпты өтуіне кедергі келтірмеуі тиіс.

Ескерту: 22-1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 02-01-02/64 бұйрығымен .

43. Әңгімелесуден өткен үміткерлердің құжаттарын конкурс комиссиясы өзінің қорытынды мәжілісінде қарайды.

9. Конкурс комиссиясының қорытынды мәжілісі

44. Конкурс комиссиясы қорытынды мәжілісінде әңгімелесу өткізгеннен кейін екі жұмыс күннен кеш емес өткізілуі тиіс үміткерлерді берген құжаттары, тестілеу мен өткізілген әңгімелесудің нәтижелері негізінде бағалайды және олардың қатарынан бос әкімшілік лауазымға орналастыру үшін іріктеуді іске а с ы р а д ы . < * >

Ескерту: 44-тармақ толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 25 ақпандағы N 02-1-7/16 бұйрығымен , 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 02-01-02/44 бұйрығымен .

45. Конкурс комиссиясының шешімі үміткер қатыстырылмай, ашық дауыс беру жолымен қабылданады.

46. Конкурс комиссиясының шешімі егер мәжіліске оның құрамының 2/3 кем емес бөлігі қатысса, заңды деп есептеледі.

47. Комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берген жағдайда үміткер дұрыс баға алады. Дауыстар бірдей болған жағдайда конкурс комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

48. Конкурс комиссиясының өкілетті органға әңгімелесуден өткен үміткерлерді кадр резервіне есепке алуға ұсыныстама жасауға құқығы болады. <
* >

Ескерту: 48-тармақ өзгертілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 3 қарашадағы N 02-1-7/154 бұйрығымен .

49. Талқылау барысы мен конкурс комиссиясының шешімі конкурс комиссиясының төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ хаттама жасауды іске асыратын хатшының қолдары қойылған хаттама түрінде ресімделеді.

50. Конкурс комиссиясы мәжілісі хаттамасының көшірмесі өкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне жіберіледі.

51. Егер конкурс нәтижесінде конкурс комиссиясы берілген бос лауазымдарға үміткерлерді анықтамаса, мемлекеттік орган қайтадан конкурс жариялауы мүмкін.

52. Конкурс комиссиясы әңгімелесуден өткен үміткерлерге конкурс нәтижесі туралы, оның аяқталғанынан кейін 5 күн ішінде хабарлайды.

52-1. Конкурс комиссиясының шешімі мен конкурс комиссиясының оң шешімін алған үміткерлердің тізімі конкурс өткізілгеннен кейін 7 жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның ақпараттық қабырғаларында, баршаға көрінетіндей ж е р л е р г е і л і н е д і .

Ескерту: 52-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2005 жылғы 21 маусымдағы N 02-01-02/80 бұйрығымен (бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

10. Үміткердің қызметке орналасуы

53. Мемлекеттік органның басшысы, ал жауапты хатшы лауазымы енгізілген мемлекеттік органдарда, жауапты хатшы конкурс комиссиясының дұрыс қорытындысына ие болған үміткерді жарияланған қызметке қабылдауға міндетті. Бұл ретте әкімшілік мемлекеттік қызметке түсу үшін заңдарда қарастырылған т а л а п т а р с а қ т а л у ғ а т и і с .

53-1. Жауапты хатшы мемлекеттік орган басшысының келісімімен, орталық атқарушы органының департаменті мен басқарма бастықтарына және аумақтық құрылымдық органдарының басшылары мен орынбасарларына жарияланған лауазымдар бойынша конкурстық комиссияның оң шешімін алған үміткерді қ а б ы л д а й д ы .

Ескерту: 53-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері

жөніндегі агенттігінің 2007.09.03. N 02-01-02/113 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

54. Мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде көрінеу жалған мәліметтері анықталған конкурс комиссиясынан дұрыс қорытынды алған азаматты ұсыну тиісті бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға қабылдаудан бас тартуға негіздеме болады.

11. Шағым беру тәртібі

55. Конкурсқа қатысушылар мен үміткерлер өкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, болмаса сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешіміне шағым беру құқығы бар.

56. Өкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі конкурс комиссиясының шешіміне келіп түскен шағымды қарайды және "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, осы Қағиданы, мемлекеттік қызмет туралы басқа да заңдардың бұзылғаны анықталған жағдайда, конкурс комиссиясына қабылданған шешімді жоюды ұсынады.

Ескерту: 56-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2005 жылғы 21 маусымдағы N 02-01-02/80 бұйрығымен (бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

57. Өкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің ұсынысын конкурс комиссиясы бұрынғы құрамымен өткізілген өз мәжілісінде қарайды. Осы мәжілісте конкурс комиссиясы бұрын қабылданған шешімін жояды және жаңасын енгізеді, не болмаса оны еш өзгеріссіз қалдырады. Конкурс комиссиясы қабылданған шешім туралы, ол қабылданғаннан кейін он күн мерзім ішінде, өкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне және шағым берген конкурсқа қатысушыға немесе үміткерге хабарлайды.

58. Конкурс комиссиясының бұрынғы қабылдаған шешімін жоюы және жаңасын енгізуі мемлекеттік орган басшысының, ал жауапты хатшы лауазымы енгізілген мемлекеттік органдарда, жауапты хатшының тиісті шешімін өзгертуі немесе қабылдауы үшін негіздеме болады.

59. Егер конкурс комиссиясы бұрынғы қабылданған шешімді өзгеріссіз қалдырған жағдайда, өкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі, сондай-ақ шағым берген конкурсқа қатысушы немесе үміткер осы шешімді сот тәртібінде шағым беру құқығы болады.

60. Конкурсқа қатысушылар мен үміткерлер өздеріне қатысты бөлігіне, сондай-ақ өкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшелері конкурс құжаттарымен, тестілеудің және әңгімелесудің нәтижелерімен танысу құқығы болады.

Ескерту: Қағида N 1, 2 қосымшалармен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 25 ақпандағы N 02-1-7/16 бұйрығымен .

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігінің
төрағасының 2000 жылғы
25 ақпанындағы N 02-1-7/16

бұйрығына N 1 қосымша

(мемлекеттік орган)

Өтініші

Мені бос тұрған мынадай _____

_____ қызмет орнына тағайындалуым
үшін байқауға жіберуіңізді сұраймын.

Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізудің Қағидасының негізгі талаптарымен таныстым, олармен келісемін және орындауға міндеттеме аламын.

Ұсынылып отырған құжаттарымның дәйектілігіне жауап беремін.

Қолы

Аты-жөні

_____ 2000 ж.

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігінің
төрағасының 2000 жылғы
25 ақпанындағы N 02-1-7/16

бұйрығына N 2 қосымша

Ескерту: Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2005 жылғы 21 маусымдағы N 02-01-02/80 бұйрығымен (бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

А Н К Е Т А

(Өз қолымен толтырылады)

1. Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

2. Азаматтығы _____

Егер өзгертілсе, уақытын көрсетіңіз _____

3. Бұрын сотталған ба едіңіз, қашан және не үшін _____

4. Шет елде оқыған немесе жұмыс істеген кезіңіз
Болған еліңіз _____

Болған уақытыңыз _____

Жұмыс істеген немесе оқыған жеріңіз _____

5. Соттың шешімімен жұмыс істеу қабілетіңіз төмен немесе шектелген деп танылдығыз ба, қашан және не үшін _____

6. Белгілі бір мерзімге мемлекеттік қызметті атқару құқынан айырылдығыз ба, қашан және не үшін _____

7. С і з м ы н а д а й :

1) Сіз үміттенген лауазымға тікелей бағынысты;

2) Сіз үміттенген лауазым тікелей бағынысты лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшінің жақын туысы (ата-анасы, ұлы, қызы, бала асырап алушылар, асырап алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немересі, жұбайы немесе зайыбы) болып табыласыз ба _____

_____ 2000 ж. _____

(қолы)